Оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар электронды форматтағы «kyndelik.kz» «BilimClass» журналдарға енгізілген. Оқу бағдарламалары жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді.

4.3. білім алушыларың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Мектептегі тәрбие жұмысының мәселесі « Жеке тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру»

Тәрбиенің негізгі мақсаты: Дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу.

Мектептегі тәрбие жұмысының *басты міндеттерінің бірі* –«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы, ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

Тәрбие жұмыстары мектеп, отбасы, қоғам бағыттарында кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспары жыл сайын мектеп директорымен бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілген.(13-1 қосымша қоса жалғанады)

Табантал орта мектебінде 2021-2022 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған,өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттар 1)Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;2)Қазақстан Республикасының Конституциясы; 3)«Неке (ерлі-зайыптылық)және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі; 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8тамыздағы № 345 Заңы; 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;

6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы; 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы; 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері іс-шаралар жоспарын басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмысының іс-шаралар жоспары 8 бағыт бойынша жасалынған.

2021-2022 оқу жылында 11 сынып жұмыс жасады. 11 сынып жиынтығында барлығы 85 бала білім алды. Сынып жетекшілерінің жеке қабілеттеріне қарай сегіз бағытты бөліп жоспарлау, жылына 34- сағат болса, 8 бағыт кем дегенде үш реттен бөлінді. Аптасына бір рет өткізілетін тәрбие сағаттары белгілі бір бағытқа ал, апталықтар белгілі бір күнге

мемлекеттік мерекелерге арналды. Сондай-ақ мектептен тыс мекемелер істеріне қатысу мен рейдтер, байқаулар, жарыстар өткізу болды.

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспарына, айлықтардың, мемлекеттік және ұлттық мерекелердің, атаулы күндер мен каникул күндерінің ұйымдастырылуы мен жүргізілуі негізінде патриоттық сананы қалыптастыру; отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау; рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру; құқықтық сананы қалыптастыру және дамыту; жалпы адамзаттық қасиеттердің негізінде көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру; салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыру міндеттері жүзеге асырылды.

Жоспар бойынша келесі бөлімдер қамтылды:

Мектеп жұмысы тәрбие жұмысының орталығы ретінде: жалпы іс-шаралар;

1.«Жасұлан мен жасөспірімдер» ұйымы, үйірме жұмыстары;

2.Мектептен тыс ұйымдармен жұмыс;

3. Ата-аналармен жұмыс;

4. Сынып жетекшілердің жұмысы;

5. Психологпен жұмыс;

6. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыс.

7. Мектепшілік басқару мен бақылау

2021-2022 оқу жылының тәрбие бағыты бойынша атқарылатын жұмыстардың жоспары «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламасының тәрбие тұжырымдамалық негізінде жасалды. Аталған жұмыс жоспарына сай 1-қыркүйек - білім күніне арналған "Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбында тәрбие сағаттары 2-11-класс оқушыларына арналып өткізілді. Бұл сабақтың мақсаты – ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай еліміздің 30 жылда қол жеткізген жетістіктерін өскелең ұрпаққа түсіндіру, патриоттық тәрбие беру. Мектеп табалдырығын алғаш аттағалы тұрған 1-класс оқушылары үшін "Кел, балалар, оқылық!" атты салтанатты жиын мектеп ауласында санитарлық нормаларды сақтай отырып ұйымдастырылды. Салтанатты жиынның ең негізгі сәті – бүлдіршіндерге «Әліппе» оқулығын табыстау сәті болды.

2021-2022 оқу жылында тәрбие тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жұмыстар тиісінше жүргізіліп отырылды. Жұмыс жоспарына сәйкес **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** бағыты бойынша «Тәуелсіздік жетістіктері» сабақтарынан басқа «Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл», «Ата заң – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі», «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!», «Тәуелсіз ел патриоты (Жайдарман)», ҚР Тұңғыш Президенті күніне арналған іс-шаралар мен «Тәуелсіз елім тірегім» тақырыбы аясында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған іс шаралар, «Тәуелсіздік – ел тірегі» мерекелік салтанатты жиын өтті. Аталған іс-шаралардың мақсаты – балаларға патриоттық тәрбие берумен қатар, құқықтық сауаттылыққа баулы болды. Оқу жылының екінші жартыжылдығында 5-11-кластар арасында «Құқықтық сана – қауымға пана» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Адал ұрпақ» клубы мүшелерімен бірге «Шынайы және сатылмайтын еңбек» тақырыбында оқушылармен әңгіме жүргізіліп, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке шақыратын пікірсайыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, оқушылар арасында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР заңдарын таныстыру мақсатында сынып сағаты ұйымдастырылды. Сабақты құқық негіздері пәні мұғалімі Кожабергенова В.Т жүргізді. 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған «Саптық ән» байқауы «Қаһарман» патриоттық клубы жетекшісімен бірге ұйымдастырылды. Аталған шаралардың барлығы балалардың бойында патриоттық сезімнің қалыптасып, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін, өз құқығын біліп, өзгенің құқығына құрметпен қарайтын азаматтық ұстанымын нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, балаларға патриоттық тәрбие беру мақсатында мектеп түлектерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп келіп,

бірі әскери салада, бірі мамандығы бойынша кен байыту ісімен еңбек етіп жүрген мектеп түлектері Курманиязов Әділет шақырылды. Кездесуде 8-11 класс ер балаларына патриотизм туралы, тәртіп пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен мейірімділік, намыс пен адалдық туралы әңгіме жүргізілді. Мамандық таңдаудағы кәсіптік бағдар мәселелері бойынша да түсіндірілді.

Шараны директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Карасаева С.С. мен «Қаһарман» ұлдар ұйымының жетекшісі Абдиков Е.Е. ұйымдастырып, білім алушыларды өзінен кейінгі оқушыларға үлгі бола білуге шақырды.

РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ, АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ бағыты бойынша «Қоғамға қызмет» әлеуметтік жобасы аясында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. «Қарттар күніне», «Ұстаздар күніне» орай ұйымдастырылған іс-шараларда балаларды үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетуге, ұстаздардың берген білімін ақтай білуге тәрбиелеу мақсаты көзделді. Дина Нұрпейісованың туғанына 160 жыл тақырыбындағы тәрбие сағаты 5 сыныпта ұйымдастырылды. «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік шара эпидахуалға байланысты әр кластың өзінде тәрбие сағаты ретінде ұйымдастырылса, әлеуметтік мәртебеге ие отбасы балаларына арналған сыйлықтар шағын мерекелік шара аясында, мектеп фойесінде безендірілген шырша жанында табысталды.

Аталған бағыт аясында Хромтау аудандық білім бөлімінің хатына сай «Толеранттылық – әлемге жол!» атты апталық ұйымдастырылып, апталық жоспарына сай тақырыптық тәрбие сағаттары мен дөңгелек үстелдер, сурет көрмелері т.б. шаралар өтті.

Мектеп кітапханасында белгілі жазушы Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл толуына арналған әдеби кеш ұйымдастырылып, мектеп фойесінде «Мейірбандық – адамның барлық адамгершілігіне түрткі болатын негіз» атты кітап көрмесі жасалды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар арасында «Кітап оқу сәні» айдарымен «Оқу сағаттары» аға тәлімгермен бірге жүргізілді. Сонымен қатар, «Отбасымен қосылып оқу» мақсатында балаларды кітап оқуға баулуға арналған шараға ата-аналар да қатыстырылды.

Оқу жылы басталған тұста акция ретінде жүргізілген «Жол ережесін білеміз бе?» атты оқушылардың жолда жүру ережелерін білуге арналған сайыс пен сынып сағаттары оқу жылының 4-тоқсанында да өткізіліп, оқушыларға көшеде жүру ережелері, жол ережесін сақтау шаралары түсіндірілді.

Мамыр айында жоспарланған «Қайырымдылық – жасампаз күш!» атты эссе жазу шарасы мамыр айындағы мерекелік шаралармен қоса аудандық ББ тарапынан ұсынылған іс-шараларға байланысты жазылмады. Дегенмен, класс жетекшілері мен әлеуметтік педагог тарапынан балалармен қайырымдылық тақырыбында әңгімелер жүргізілді.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ бағытында «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» атты тіл айлығы аясында тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс шаралар балаларды Ана тілін құрметтеп, өзге тілді білуге үйретуге бағытталды. Сонымен қатар, Ы.Алтынсариннің туғанына – 180 жыл толуына орай ұйымдастырылған «**Даланың дара ұстазы**» атты шарада 2-класс оқушылары қазақ халқының алғашқы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өлеңдерінен үлгі ала отырып, ақынның өлеңдерін жатқа оқыды. «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз!» атты экскурсия сабағында балалар мектеп мұражайындағы экспонаттармен танысты.

1-класс оқушыларының «Қош бол, құтты Әліппем!» атты әліппемен қоштасуға арналған ертеңгілігі де сынып ішінде өтті. Балалар Әліппе оқулығынан үйренген білімдерін әртүрлі ойын түріндегі шаралармен көрсетіп, әліппемен қоштасты.

Қазақ ғалымы, публицист, түркітанушы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған іс-шаралар жыл барысында қыркүйек айындағы «Тіл айлығы» аясында ұйымдастырылса, оқу жылының екінші жартысында да 9-11-класстарда сынып сағаттары ретінде өткізіліп, тіл білімінің негізін қалаған көрнекті қайраткер ретінде рухани мұрасы насихатталды.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасымен таныстыруға арналған сынып сағаты 7-класта ұйымдастырылып, балаларға елімізге танымал тұлғалар, олардың еңбегі мен жеке тұлға ретінде танымал болуына ықпал еткен жаңалықтары, өнертабыстары туралы айтылып, бейнероликтер көрсетілді.

«Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» тақырыбындағы шаралар Наурыз айының 1-інен бастау алды. Өйткені, «Алғыс айту» күнімен басталған шаралар наурыз айында ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналған тәрбие сағаттарымен жалғасын тапты. «туған өлкенің тарихы» атты тәрбие сағатын 8-класс жетекшісі ұйымдастырып, балаларға Қазақстанның киелі жерлері тарихы мен өз өңіріміздегі әртүрлі ескерткіштер мен тарихи орындар туралы аңыздар, әңгімелер айтылды. Балалар да туған өлкесі туралы үлкендерден естіген аңыздарын айтып, сабаққа белсенді қатысты.

Наурыз мерекесі – наурыз айының 1-інен бастап әртүрлі атау берілген күндер ретінде атап өтілді. Соның ішіндегі «Бауырсақ PARTY» мен көрісу күнінде жасалған ақ дастарханға мектеп әкімшілігі мүшелері мен класс жетекшілер атсалысып, балалар ұлттық тағамдардан дәм татты.

22 Наурыз – Ұлыстың ұлы күніне арналған мектепшілік мерекелік шара кең ауқымда тойланып, ата-аналардың толық қатысуы қамтамасыз етілді:

2021-2022 оқу жылының 19 наурызы күні ұйымдастырылған «Қош келдің, Әз Наурыз» атты мектебіміздегі Наурыз мейрамын тойлауға арналған іс-шаралар 3 буыннан құралды. Шара барысында Салт-дәстүрді дәріптеу мақсатында бастауыш, орта буын, жоғарғы сыныптар арасында әр класқа ауыл атаулары беріліп, сыныптар сайысқа түсті. Әділқазылар әр ауылдың ұлттық үлгідегі безендіруін бағалады.

2-бөлімінде Салт-дәстүрді дәріптеу мақсатында сыныптар бойынша ауыл арасында «Ерулік», «Шаш сипатар», «Біз шанышар», «Селт еткізер», «Ұйқыашар» сынды ұмыт қалған дәстүрлермен қатар қазіргі таңдағы тойланатын салт-дәстүрлер де сахналанып, сайысқа түсті.

Жұмыс жоспарындағы «Табиғатты аяла» атты сенбілікке негізінен «Қоғамға қызмет» волонтерлік топ мүшелері қатысты. Олар мектеп ауласы мен ауылдағы саябақты қоқыстан арылтып, жас талдарға күтім жасады.

Мектеп мұражайы меңгерушісі тарапынан «Шеберлер ауылы: ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз!» атты шеберлік сағаты ұйымдастырылып, онда балалар ұлттық өнеріміз бен тұрмыс-тіршіліктегі әртүрлі бұйымдарды, тағамдарды өздері жасап көріп, тәжірибе жинақтады.

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ бағытындағы шаралар қыркүйек айындағы «Отбасы күнін» мерекелеуге арналған «Отбасы – бақыт мекені» апталығымен басталды. Апталық аясында тақырыптық тәрбие сағаттары мен «Бақытты отбасының баласымын!» атты сурет көрмесі бастауыш сыныптар арасында ұйымдастырылды. Сонымен қатар, балалар «Менің отбасымдағы орным» атты эссе жазып, отбасы мен өзінің қарым-қатынасы, туыстық қатынастар туралы айтты.

Бала тәрбиесіндегі отбасы рөлін көтеру мақсатында «Әкелер мектебі» құрылды. Бұл мектепті құру барысында қиындық тудырған мәселелер де болды. Ол әкелердің үнемі жұмыста боламыз деп селқостық танытуы болса, кейбір әкелер мектепке тек қана баланың анасы баратынын айтып, бас тартуы болды. Дегенмен, аталған мектеп құрамы 5 мүшемен құрылып, жұмыс жоспары бекітілді. Әкелермен бірлескен жұмыстың алғашқы отырысы өтті. Одан кейінгі іс-шара әртүрлі жағдайға байланысты өткізілуі кейінге қалдырылды.

«Ұлттың дәстүрі – отбасынан бастау алады» атты сұхбат оқушылар арасында өтті. Оны ұйымдастырған өзін-өзі басқару ұйымының «Ақпарат» фракциясы болды.

Ата-аналарға арналған «Баламен қалай сенімді қатынас орнатуға болады?» атты психологиялық тренинг орнына ата-аналарға аталған сауалға жауап беретін жадынамалар таратылды.

«Отбасылық өмір этикасы» атты ата-аналармен кездесуді мектеп директоры мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұйымдастырып, ата-аналармен жеке кездесулер өткізілді. Кездесуге алдыңғы кезекте мектептегі қолайсыз отбасы балалары мен жетім балалардың ата-аналары (қамқоршысы), өгей әкемен тәрбиеленіп жатқан балалардың аналары шақырылып, балалардың қауіпсіздігі мен қыз бала тәрбиесі, баланың әлеуметтік жәй-күйі туралы сұхбат жүргізілді.

«Менің отбасымдағы орным» атты эссе/сауалнама тіл мамандары мен мектеп психологі тарапынан жүргізілді. 8 наурыз – халықаралық әйелдер күніне арналған шаралар да отбасының ынтымақтастығын нығайтуға, бала мен ата-ана арасындағы оң қарым-қатынасты арттыруға бағытталды. Сонымен қатар, аталған мерекеге орай «Мектеп аруы-2021» байқауы мен сынып сағаттары ұйымдастырылды.

«Әке көрген оқ жонар» атты әкемен өткізген бір күн бастауыш оқушыларының сыныптар арасында жүргізілді. 4-класс оқушыларының орта буынға қадам басуына арналған «Бастауышым – бал-бұлағым!» атты қоштасу кеші жоғары деңгейде өтті.

ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ бағытында мектебімізде құрылған «Қоғамға қызмет» еріктілері де экологиялық тәрбие беруде белсенділік танытты.

«Біз экономика туралы не білеміз?» атты тәрбие сағаттары «Үнем – қоғам қуаты» жобасы аясында балаларға әр нәрсені үнемдей білу туралы тәрбие беруге бағытталды. Жыл сайын дәстүрге айналған «Алтын күз» атты тәрбие сағаттары да еңбек тақырыбы мен экология мәселесіне арналды. Сондай-ақ, «Алтын күз» кеші онлайн өткізіліп, «Күз ханзадасы мен Күз ханшайымы» лайк саны арқылы анықталды.

Жас ұлан және жас қыран балалар ұйымының ұйымдастыруымен эчочеллендж өтті, экологияның тазарып, жақсаруына өз үлестерін қосты.

«Іскерлік қарым қатынас этикасы» тақырыбындағы тәрбие сағатында балалар қарым қатынас түрлерімен танысып, әскерліктің қыр-сырлары туралы ақпарат алды. Балаларға іскерлік әлеміндегі өзекті мәселелер туралы мәлімет берілді. «Жарнама жасау өнері» атты блогерік сайыс мектеп тәлімгері тарапынан ұйымдастырылып, оған негізінен жоғарғы сыныптың оқушылары қатысты. Балалар бүгінгі таңдағы жаңа мамандыққа сай блогер болып түсірген бейнероликтерін ұсынып, тиісінде кері байланыс алып, марапатталды.

Жұмыс жоспарындағы «Жаңа басшы нені білуі және не істей алуы керек?» тақырыбындағы пікірталас атауы «Топты басқару оңай ма?» деген атаумен өзгертіліп, балалар аталған тақырып аясында пікір сайысына түсті. Шара барысында оқушылар көшбасшылыққа тән қасиеттер мен кеі ықпал ететін факторлер туралы айтып, ақпарат алмасты. Шараны мектеп парламенті ұйымдастырды.

КӨПМӘДЕНИЕТТІЛІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ аясында жыл басында мектеп оқушылары «Ереже – мектептің негізгі заңы» атты жиын өткізіліп, одан соң әр класс оқушылары мектеп ережесімен танысып, қолдарын қойды.

Балалардың мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруін анықтауға арналған «Полиглот» байқауы тіл айлығы аясында өтті. Оны қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндері мұғалімдері ұйымдастырды.

Сонымен қатар, 6-11 сынып оқушыларымен «Жаңарған Түркістан» экскурсиялық орталығымен Түркістан қаласына барды. Түркістан қаласының маңында орналасқан тарихи жерлер мен ескерткіштер, саябақтармен таныстырылды.

«Мамандығым – мақтанышым!» атты ашық тәрбие сағаты 11-класта жүргізіліп, балалар тандап отырған мамандықтары туралы және тандау себептері мен сол мамандықты игеруге мүмкіндік беретін жеке қасиеттер туралы ой бөлісті.

«Кешірім қалай сұрау керек?» атты сауалнамаға балалар белсенділікпен қатысып, кешірім сұрағаннан кешірім сұрауға жетелейтін әрекеттен тиылған дұрыстығын алға тартты. Сондай-ақ, жоспардағы Жамбыл Жабаевқа 175 жыл толуына орай балаларға

ақын өмірінен деректі фильм көрсетіліп, ақын өмірі мен шығармашылығына арналған көме ұйымдастырылды.

«Алақай, жаз!» атты оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға арналған іс-шаралар жоспары балаларға мамыр айында таныстырылып, мектеп жанындағы лагерге қатысуға шақырылды.

ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ТӘРБИЕЛЕУ мақсатында дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін, дарындылығын дамыту жұмыстары мен оқушылардың үйірмелерге, олимпиадаларға қатысу үнемі назарда болды. Бұл жұмыстардың нәтижесі де бар. Әртүрлі бағыттағы сайыстарда жетістікке жеткен оқушыларымыз мектеп директоры тарапынан марапатталып, мектептің инстаграмм парақшасына салынып отырылды.

Оқушылардың өздігінен іздені жұмыстары мен ғылыми жұмыстары олар қатысқан ғылыми жобаларда өз нәтижесін көрсетіп, балалар жүлделі орындармен марапатталды.

«Шығармашылық – шындайды шеберлігін» атты көрме байқауына мектеп оқушылары белсенділікпен қатысып, мектеп фойесінде олардың жұмыстарынан көрме жасалды. Аталған көрмені бағалау үшін мектеп тәлімгері тарапынан комиссия құрылып, балалардың жұмысы бағаланды. Қатысушылар тиісінше жүлделі орындармен және мадақтамалармен марапатталды.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру, мақсатында «Ұшқыр ой» дебат клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Ел тізгіні – білімді ұрпақ қолында» атты дебат болып өтті. Оқушылар әр түрлі тақырыптарда пікір алысып, қызықты ойын көрсетті. Сондай-ақ, «Өзін – өзі тану: Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» атты дәстүрлі онкүндік жоспары аясында мектепшілік «Қайырымды қоғам адамдарды біріктіреді» атты пікірсайыс болып өтті.

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Білекті бірді, білімді - мыңды» жығады атты зияткерлік сайыс 5-10-класс оқушылары арасында ұйымдастырылды. Шараға оқушылар барлық кластардан жинақталған топтар болып қатысты. Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығына орай «Мың бір мақал, жз бір жұмбақ» атты сайыты мектеп тәлімгері ұйымдастырды. Сайыс балалар үшін өте қызықты болып, жоғары деңгейде өтті.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ бағытындағы іс-шара жыл басында короновирустық инфекцияның алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарымен басталды. Бұл шараға бала жасына сәйкес санитарлық білім беру мақсатында мектеп медбикесі Балабаева К.М. қатысып, балаларға вирустық инфекцияның алдын алу мен жұғу қаупі туралы, сақтану шаралары туралы айтты. Сонымен қатар, қыркүйек айында «Денсаулық күнін» атап өтуге арналған дәстүрлі денсаулық апталығы ұйымдастырылды. Апталық аясында тәрбие сағаттары мен денешынықтыру пәні мұғалімдерінің спорттық шаралары жүргізілді. «Денсаулық күні» мектептің 5-11-класс оқушыларының таза ауада таңғы жаттығуынан басталып, күн бойы спорттық ойындар, әртүрлі сайыстар ұйымдастырылды. «Жат әрекеттен сақтан!» атты ақпараттық-түсіндіру жұмысын Карасаева С.С. және ауылдық медбике өткізді. Балаларға зиянды заттардың зардабы туралы, олардың қылмысқа әкелуі мүмкін фактілері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ауыл медбикесі қатысуымен «Наркобекет» тобы құрылды. «Туберкулез – жұқпалы ауру», «Сальмонеллез ауруының себептері мен алдын алу шаралары» тақырыптарында оқушылар арасында диктанттар жазылып, мектеп медбикесімен «Зиянды заттардан сақтан!» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Спорт менің досым!» тақырыбы аясында спорттық сайыстар ұйымдастырылды. «Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне» орай мектебімізде ақпараттық минут ұйымдастырылды. Медбике Балабаева К.М. балаларға туберкулез ауыруының ерекшеліктері, алдын алу шаралары мен сақтану жолдары туралы жүйелі ақпарат берді.

«Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау» атты сынып сағаты мен «Мен салауатты өмірді қолдаймын» атты онкүндік өткізілді. Онкүндік аясында

балалардың қатысуымен спорттық сайыстар өткізіліп, балалардың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал жасалды.

Мектептегі «Оқуға құштар» жобасының іске асырлуы

Жобаның мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;

Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру;

Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.

Үзіліс кезінде «Тыныш оқу» айдары аясында ұнаған кітаптарды үзілісте 10 минуттық оқу өткізілді. Жоба барысында бастауыш сынып оқушыларымен ертегілер еліне саяхат жасалды. Тілдер апталығының 10 күндігінде «Тіл-ұлттың тірегі» тақырыбына тәрбие сағаты өткізілді. «Кітап сенің досың», «Жүрегім қазағым, халқым деп соқты», «Абай – дана, Абай дара қазақта» сынды көптеген тәрбие сағаттар өткізілді. «Оқырман отбасы» айдары аясында «Отбасыммен бір кітап» шаралары өткізіліп тұрады. Ғасыр ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Жыр алыбы Жамбыл» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантың шәкірт жүрегіне ұялату, оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамыту, сөз өнерін қадірлеп, қастерлей білуге дағдыландыру, ақын өлендерін сүйе білуге үйрету. 6 класс оқушыларымен өткізілді. Оқуға құштар жобасының барлық жұмыстар инстаграмм желісіне салынып тұрады.

«7 сәуір -Дүниежүзілік денсаулық күніне» байланысты Табантал ауылдық кітапханашысы И.Мулбаевамен бірігіп «Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі» танымдық сағат өткізілді. Мақсаты: Табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы – денсаулықты сақтаудың басты жолдары зиянды жат қылықтардан аулақ болып, салауатты өмір екендігін ұғындыру. Жасөспірімдерді бойына адам игі қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсіне, сақтау білуге тәрбиелеу. Мектептің мейірбикесі Балабаева Клара денсаулық салауатты өмірдің кепілі туралы ой пікірін айтып өсіп келе жатқан жас жеткіншектерге жаман нәрседен аулақ болуға шынықсаң – шымыр боларсың деп денсаулықты қалыпты ұстауға шақырды. «Денсаулық – зор байлық» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«23- сәуір Дүниежүзілік кітап күніне» орай 3 кластар аралығында ұйымдастырылған «Кітап оқи білеміз бе?» атты интеллектуалдық ойыны өткізілді. Мақсаты: Оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген сүйіспеншілікті қалыптастырып дамыту. 5 кезеңнен құралған ойынның нәтижесінде 1 орынға «Білімпаздар» тобы, 2 орынға «Болашақ» тобы ие болды.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша «Табантал орта мектебі» КММ-де «Зерде» мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымы жұмыс жасайды.

«Зерде» мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының басшысы ретінде сайлау нәтижесінде 8-сынып оқушысы Жұмай Даянаға жүктелді. Алдағы іс-шаралар талқыланып жоспар құрылып, мектеп директоры Калиев А.С. бекітілді "ЗЕРДЕ" мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының «Спорт және СӨС» фракциясының ұйымдастыруымен 10 қыркүйек "Денсаулық күніне" орай мектебімізде мұғалімдер мен оқушылар арасында «Шынықсаң шымыр боларсың» тақырында спорттық ойындар өткізілді. "Экология және еңбек" фракциясының ұйымдастыруымен 9-сынып оқушылары арасында "Гүл отырғызу - ғаламшарды көркейту" тақырыбында жасыл экономиканы дамыту, қоршаған ортаны, табиғатты қорғау мақсатында гүл отырғызу жұмыстары жүргізілді. АҚПАРАТ" фракциясының ұйымдастыруымен оқушылар арасында "Оқулықты күтіп ұста" тақырыбында ақпараттық бұрыш ұйымдастырылды. "Өзін-өзі тану" фракциясының ұйымдастыруымен 1-11 сыныптар арасында "Жүрек қуанышы" тақырыбында шығармашылық жұмыстар көрмесі ұйымдастырылды. "Мәдениет және өнер" фракциясының ұйымдастыруымен ата-анамен оқушы арасында "Екі жұлдыз" ән байқауы

ұйымдастырылып, патриоттық әндер бойынша өнер көрсетті. «Дебаттық қозғалыс» фракциясының “Жасталап”дебат клубының мүшелерімен жоспарға сай, пікірсайыс өтті.

Табантал орта мектебінің «Қоғамға қызмет» еріктілер клубы бойынша ақпарат
Табантал орта мектебінде құрылған «Қоғамға қызмет», «Ашық жүрек» волонтерлар қозғалысы бойынша Табантал орта мектебінде 5-қыркүйек күні еріктілер қозғалысын жандандыру мақсатында "Қоғамға қызмет" еріктілер клубы құрылып, бұрышы жасақталды. Бұрышта 7 бағыт бойынша еріктілер міндеті қарастылып, еріктілер тобының мақсаты мен міндеттері көрсетілді. Еріктілер клубының құрамында 25 оқушы бар. "Алғыс айту күні" мерекесі аясында, жалғызбасты және зейнеткерлерге көмек көрсету мақсатында «Қамқор» акциясы", «Қазақстан балалары-көктем шақырады», акциясы аясында - Игі істер күні, өзіміздің оқып жатқан мектепті көркейтіп, өз үлестерін қосу мақсатында "Жайлау" күні қоғамдық шаралар ұйымдастырылды.

Табантал орта мектебі бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы

2021-2022 жылы Табантал орта мектебі» КММ бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы Мектеп жанынан «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы ұйымдастырылды. 7-11 сынып оқушылары таңдап алынып «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының басшысы ретінде 9-сынып оқушысы Онбаев Махамбет және аға тәлімгерге жүктелді. Алдағы іс-шаралар талқыланып жоспар құрылып, мектеп директоры Калиев А.С. бекітілді. қыркүйек айында «Парасатты азамат» бұрышы жаңартылды. Бұрышқа адал ұрпақ мүшелерінің тізімі, мақсаты, міндеті, логотипі ілінді. «Парасатты азамат» бұрышының басты мақсаты: азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу. «Сыбайлас жемқорлық туғызатын құқық бұзушылық және олар үшін жауаптылық» тақырыбында 5-10 сынып оқушылары арасында эссе жазу байқауы, «Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбында 5-8 сынып оқушылар арасында диктант алынды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі балалардың көзімен» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. Адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында 5-11 сынып оқушылар арасында сауалнама жүргізілді.

Табантал орта мектебінің «Жасталап» дебаттық клубының жұмысы бойынша

Мақсаты:Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

«Үшқыр ой алаңы»жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша Табантал орта мектебінде 2021-2022 оқу жылында «Үшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысын жүзеге асыру мақсатында мектеп жанынан «Жасталап» дебат клуб алаңы ашылып , жоспары бекітіліп жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілді.Жобаға 8,9, 10- сынып оқушылары қатыстырылды. Жоба жетекшісі болып орыс тілі пәнінің мұғалімі Жұмахан Ш.Б. тағайындалды.Жоспар бойынша клуб мүшелері арасында «Диалог жүргізу мәдениеті және негізгі ережелері, элементтері мен техникасы» тақырыбында оқушыларға теориялық және тәжірибелік сабақтар бойынша, оқу жылының басында семинар өткізілді.Жоспарға сай «25-қазан Қазақстан Республика күні», «Тұғыры биік-Тәуелсіз Қазақстан», «Есірткісіз болашақ», «Ел ертеңі - жастар», «Мамандық тандауға әсер етуші негізгі факторлар», «Салт-дәстүрін сақтай білген жастар-ұлт болашағы», «Өз құқығыңызды қаншалықты білесіз?», «Интернеттің пайдасымен зияны» бойынша оқушылармен пікірсайыс,дөңгелек үстел,ой-бөліс, ой толғау сағаттары өтті. Оқушылардың өз отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.Өз ана тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтауды дарыту.Дебат ойындарында оқушылардың ой ұшқырлығы қарама-қарсы сұрақ сәтінде анық

байқалады. Білімді көп ізденетін оқушылардың өзіндік ой-өрісі ойын барысында көрінеді. Қыннан қылыш суырғандай сұрақтары қарсы топты ойландырып, өз кейстеріне күмән тудыратындай етулері керек. Қазіргі таңда ғаламтордың шеңберінен шырматылып шыға алмай қалған балалардың көркем әдебиет оқуға құлшынысы арта түседі. Ойын барысында өз ойларын келелі сөз, шынайы шеберлікпен, шешен тілмен жеткізуге тырысады. Жаһандану заманында білім берудің озық үлгілерін пайдалана отыра нақты нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі заманның басты талабы

Табантал орта мектебінде 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстар жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған, өз Отанын, елін, жерін құрметтейтін, салт-дәстүрін ұмытпай жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын тұлғаны қалыптастыру мақсатында тәрбие жоспары құрылды. Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға 2022-2023 жылы оқу жылында арналған жылдық тәрбие жоспары, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатының тәрбие бөлімі бойынша, Қазақстан Республикасының Білім мен ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйырығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қ.Р Үздіксіз Білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы облыстық білім басқармасының 19.08.2019 жылғы №252 бұйырығымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша 2019-2024 жылдарға арналған тәрбие жұмысының бағытты бағдарламасын басшылыққа алып негізінен 8 бағытта жасалды. Тәрбие жоспарында сабақтастық тұтастық жүйелілік қағидалары сақталған. Әр бағытты жүзеге асыруда іс-шаралар жоспарланған. Сонымен қатар іс-шаралардың ұйымдастыру нысандары мен әдіс-тәсілдері мектеп оқушыларының өз ерекшеліктері мен тәжірибесіне байланысты көрсетілген. Ақтөбе облысында жастар мен балаларға тәрбие берудегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР «Білім туралы Заңы», Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие беру концепциясы, «ҚР-ның бала құқығын қорғау», «Балалар құқығы» Концепциясы, «Діни қызмет діни бірлестік ҚР», «Неке және отбасы», «ҚР азаматтарының денсаулығын қорғау туралы», ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасының «Жасыл экономика» көшу жөнінде 2013-2020 жылдар арналған тұжырымдама; Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы; «Барлық білім беру ұйымдарында оқытудың тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспары»; Қазақстан-2020: болашаққа жол ҚР мемлекеттік жастар саясаты 2020 тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тәрбие жүйесінің жаңа форматтағы жобалары енгізілді.

Мектептегі тәрбие жұмысының мәселесі « Жеке тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру»

2022-2023 оқу жылында тәрбие тұжырымдамасының 8 бағыты бойынша жұмыстар тиісінше жүргізіліп отырылды.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша Әр дүйсенбі күні сабақты Гимнмен бастауды мектебіміздің ДТЖО Карасаева С.С. сынып жетекшілер, АӘД жетекшісі қолға алды. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша мектепшілік рейд және жеке жұмыстар ұйымдастырылды.

1-11 сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінде балалар жылына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақ өткізіледі. «Тәртіпті елдің баласы, «Қаһарман» ер балалар клубының отырысы, «Роза Бағлановаға-100 жыл» толу мерейтойына орай мектебіміздің кітапханашысы дөңгелек

үстел, «16 желтоқсан ҚР-ның Тәуелсіздік күніне» орай өтетін «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдауға арналған салтанатты жиын өтті. «Тәуелсіздіктің нұрлы таңы» ҚР Тәуелсіздігі күні мерекесіне арналған іс – шаралар, «Жастарға құқықтық тәрбие беру – жаңа қазақстандық азамат қалыптастырудың алғы шарттарының бірі» арнайы мамандармен кездесу және «Ұлы Жеңіс күніне» арналған «Жауынгерлік әндер» байқауы, мерекелік концерт, ардагерлермен кездесу жоспарға сай мектебімізде ұйымдастырылды.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы енгізілді. «Буккроссинг» отбасында 20 мин кітап оқу, «100 кітап» жобалары Ұзақ және қысқа мерзімді жобалар іске асырылды. 2022/2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығын, Роза Бағланованың 100 жылдығын, Қазыбек бидің 355 жылдығын, Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығын, Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығын, сондай-ақ Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығын мерекелеу және дайындау ерекше назар алынды. «Қоғамға қызмет» жобасы аясындағы «Адамға қуаныш сыйла», «Мектепке жол», «Үш игі іс» акциялары, «Қызғалдақ» қыздар клубының жұмыстары жоспарға сай өтті. Сонымен қатар, Тұрмағанбетова Л.Е. және сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен «Ақылды волонтерлық» жүйесі арқылы «Қоғамға қызмет ет» акциясы жүргізілді. Одан бөлек, Ұлы Отан соғысы туралы 5-9 класс оқушылары арасында әңгіме – сұхбаттар, «Жұлдызды шашу» әдісі арқылы шығармашылық есептер жоспарға сай өз уақытында жүйелі түрде өтілді.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «100 кітап жобасы» оқушылармен ұзақ мерзімді жобаны жүзеге асыру үшін әр бейсенбіде кітап оқу, «Оқуға құштар мектеп» аясында «100 кітап жобасы» ата – аналармен қысқа мерзімді жобаны жүзеге асыру онлайн кітап оқу, «5 қыркүйек- Тіл мерекесіне» орай «Үш тұғырлы тіл». «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін класс сағаттарын, апталықтар, кездесулер ұйымдастырды.

Отбасылық тәрбие бағыты бойынша 1 қазан – Қарттар күніне және Ұрпақтар сабақтастығы күніне арналған іс – шаралар, «Қарттарын қадірлеген- ел ардақты» қарттарға көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. «Ата – ана жұмысында 1 күн» жобасы аясында ата – ана мен баланың өткізген 1 күніне видеоролик әзірленді. Бала тәрбиесіндегі әкелер рөлі тақырыбында әкелер жиналысы өтті.

Білім алушылар бойында еңбек тәрбиесін, экономикалық және экологиялық тәрбиені қалыптастыру бағыты бойынша «Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында тәрбиелік іс – шаралар кешенін іске асыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға арналған іс – шаралар, «1001 гүл » акциясы, «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға!» мамандық таңдауға байланысты тақырыптық шаралар, “Туған жерге тағзым” акциясы аясында мектеп түлектерімен кездесу ұйымдастырылды.

Көпмәдениетті және көркем – эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Ұшқыр ой алаңы» оқушыларының дебаттық қоғалысы аясына зияткерлер сайысы, Халықтар

достығы күніне орай ұйымдастырылатын класс сағаттары, «Балалар және театр» ағартушылық жобасы шеңберіне «Балалар және театр» үйірмесінің есебі берілді.

Зияткерлік тәрбие бағыты бойынша «Берекелі, мерекелі, Алтын күз!» табиғи материалдардан даярланған көрме, сурет көрмесі, «Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени – білім беру жобасын іске асыру мақсатында мектепте «Жасталап» дебат клубының іс – шаралары, Ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік, кибермәдениет мәселесі» іс-шаралар және де «Жаңа жылға жақсы тілекпен...» жаңа жыл мерекесі ұйымдастырылды.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыты бойынша Каникул кезіндегі спорттық ойындардан жарыстары (футбол, волейбол, пионербол, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресі), «Отбасы - орта мектеп» жобасы аясында «Әкелер клубының » жоспарына сәйкес ұйымдастырылатын «Әке мен бала» спорттық іс – шаралары, «Ұлағат » ұлдар клубы мен «Қызғалдақ» қыздар клубының мүшелерінің мектеп медбикесімен кездесуі, «Нашақорлыққа жол жоқ!» шығарма жазу, «Біз зиянды заттарға қарсымыз» сурет көрмесін жасақтау, «Салауатты өмір салтын қалыптастыру – денсаулық кепілі» мамандармен кездесу, 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күніне флешмоб және де «Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз!» мектеп жанындағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жоспарға сәйкес мектебімізде өткізілді.

2022-2023 жылы Табантал орта мектебінде құрылған «Қоғамға қызмет», «Ашық жүрек» волонтерлар қозғалысы бойынша Табантал орта мектебінде 8-қыркүйек күні еріктілер қозғалысын жандандыру мақсатында "Қоғамға қызмет" еріктілер клубы құрылып, бұрышы жасақталды. Бұрышта 7 бағыт бойынша еріктілер міндеті қарастылып, еріктілер тобының мақсаты мен міндеттері көрсетілді. Еріктілер клубының құрамында 31 оқушы бар. «Жақсылық жасап жарысайық» атты акциясы аясында ауылымыздың қарттарына барып, қардан тазалап қол көмек көрсетті. "-Алғыс айту күні" мерекесі аясында, жалғызбасты және зейнеткерлерге көмек көрсету мақсатында «Қамқор» акциясы", «Қазақстан балалары-көктем шақырады», акциясы аясында - Игі істер күні, өзіміздің оқып жатқан мектепті көркейтіп, өз үлестерін қосу мақсатында "Жайлау" күні, «Жақсылық жаса» челенджі аясында қоңырауды тиімді пайдалану мақсатында сергіту сәті өткізілді, «Жақсылық алмасы» акциясы аясында кішікентай бүлдіршіндерге алма таратылды, т.б. қоғамдық шаралар ұйымдастырылды

2022-2023 жылы Табантал орта мектебі» КММ бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы Мектеп жанынан «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы ұйымдастырылды. 7-11 сынып оқушылары таңдап алынып «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының басшысы ретінде 9-сынып оқушысы Савенько Айгерім және аға тәлімгерге жүктелді. Алдағы іс-шаралар талқыланып жоспар құрылып, мектеп директоры Калиев А.С. бекітілді. қыркүйек айында «Парасатты азамат» бұрышы жаңартылды. Бұрышқа адал ұрпақ мүшелерінің тізімі, мақсаты, міндеті, логотипі ілінді. «Парасатты азамат» бұрышының басты мақсаты: азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу. «Сыбайлас жемқорлық туғызатын құқық бұзушылық және олар үшін жауаптылық» тақырыбында 5-10 сынып оқушылары арасында эссе жазу байқауы, «Сыбайлас жемқорлықсыз Қазақстан» тақырыбында 5-8 сынып оқушылар арасында диктант алынды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі балалардың көзімен» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. Адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу

мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында 5-11 сынып оқушылар арасында сауалнама жүргізілді.

«Табантал орта мектебі» КММ 2022-2023 оқу жылында «Зерде» мектеп парламенті өз жұмысын бастады. «Зерде» мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының басшысы ретінде сайлау нәтижесінде 7-сынып оқушысы Тагибергенова Аянаға жүктелді. «Зерде» мектеп парламенті өзін-өзі басқару органының мүшелері, іс-шаралар жоспары құрылып, мектеп директоры Калиев А.С. бекітілді. «Зерде» мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының құрамында 6-11 сынып оқушылары жалпы алғанда 47 оқушы бар.

«Зерде» мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының жобалық қызметінің бағыттары бойынша әр комитет іс-шараларды уақытылы өткізді.

"ЗЕРДЕ" мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының «Қамқорлық» фракциясының ұйымдастыруымен әлеуметтік жағынан көмек қажет ететін отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында «Мектепке жол» акциясы өткізілді. Балаларға мектеп сөмкесі мен оқу құралдары берілді. Демеушілік көрсеткен «Самұрық» қазына бірлестігі мен мектеп ұжымы.

«Спорт және СӨС» фракциясының ұйымдастыруымен 13 қыркүйек “Денсаулық күніне” орай мектебімізде мұғалімдер мен оқушылар арасында «Шынықсаң шымыр боласың» тақырында спорттық ойындар өткізілді.

«Ақпарат» фракциясының ұйымдастыруымен мектеп оқушылары арасында Абайдың жүрегі «Қазағым, халқым деп соқты» тақырыбында әдеби кеш өткізілді.

«Дебат қозғалыс» фракциясының «Жасталап» дебат клубының ұйымдастырылуымен «Интернет кітапты алмастыра ала ма?» қарарында пікір сайыс өткізілді. Пікір сайыс барысында оқушылар екі топқа бөлінді. «Кітап» тобының спикері мен «Ғаламтор» тобының спикері өз позицияларын қорғады.

Оқушылардың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге, суицидтің алдын алуға арналған іс-шаралар

Табантал орта мектебінде «Өмір – қымбатсың маған» тақырыбында психологиялық тренинг өтті. Мақсаты: «Өмір», «Бақыт» ұғымдарына ұғымдарына тереңірек үңілуге ықпал жасау. Өзінде бар құндылықтарды бағалай білуге үйрету және өмірге деген құштарлықтарын арттыру.

Табантал ауылдық полиция инспекторы Сүтемген Д.Ж қатысуымен құқықбұзушылықтың және келеңсіз оқиғалардың алдын алу, балаларды әлеуметтік желі беттеріндегі әр түрлі діни ағымдар мен келеңсіздікке апаратын әр түрлі ойындардан аулақ болуын қамтамасыз ету мақсатында оқушылармен ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жолда жүру ережелері, Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, түнгі рейд, келеңсіз оқиғалардың алдын алу жұмыстары туралы айтылды.

8-11 сынып оқушылары арасында оқушыларды зиянды заттардан аулақ болуға баулу және спортпен шұғылданып, салауатты өмір өмір сүру дағдысын қалыптастыру мақсатында «Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.

9-11 сынып оқушылары арасында мектеп психологі «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті» тақырыбында баяндама оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: жасөспірімдер арасында бір реттік «вейп» эпидемиясын алдын алу, оның денсаулыққа зияны туралы түсіндірді.

Мектеп психологі балаларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, өмірді сүйуге, бағалай білуге кеңестер беру және өзекті мәселелерді талдау кезінде өз ойларын ашық, батыл, еркін жеткізе білу мақсатында «Жүрек жылуын балама арнаймын» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды.

Келеңсіз оқиғалар мен жад қылықтандың алдын алу, өмір сүру құштарлықтарын арттыру мақсатында жоғары сынып оқушыларына «Өмір – бақыт, бәрі өз қолыңда» тақырыбында психологиялық тренинг ұйымдастырылды.

8-11 сынып қыз балаларымен «Жасөспірім шақтағы ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында мектеп мейірбикесімен кездесу ұйымдасстырылды. Кездесу барысында сауалнамалар алынып, ерте жүктіліктің зияны мен салдары түсіндіріліп, қыз балаларға беймезгіл уақытта жүрмеу керектігі, ішімдік ішкен, бөгде адамдардан сақтану керектігі туралы ескертілді.

Ауыл мейірбикесі Балабаева Клара 8-сынып оқушыларына салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды заттардың алдын алу мақсатында шылым шегудің зияны мен адам өміріне тигізер зардабы туралы түсінік жұмыстарын жүргізіп, жаднамалар таратты.

Ата-аналармен «Құқықтық мәдениет – бала қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: ата-аналарға балалар өмірінің қауіпсіздігі ең басты мәселе екенін түсіндіре отырып, құқықтық білімдерін жетілдіру.

«2022-Балалар жылы» жоспарына орай 16 мамыр күні ауылдық полиция капитаны мектептегі 8-11 сынып оқушыларына жазғы демалыс кезеңінің басталуына байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында кәмелетке толмаған балалардың бос уақытын және жүріп-тұратын жерлерін мұқият бақылау қажеттігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Оқушылардың бей мезгіл уақытта көшеде жүрмеуін қадағалау және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында үнемі түнгі рейд жұмыстары жүргізіліп отыр және т.б. жоспарланған іс-шаралар өз жалғасын табуда.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Табантал орта мектебі бойынша мектепшілік, ИБ, наркологиялық бекетте, «қауіпті топта», сәтсіз отбасында есепте тұрған оқушы жоқ.

Есепке алу түрлері	2021-2022	2022-2023	2023-2024
	Есепке алынды	Есепке алынды	Есепке алынды
Мектепшілік бақылау	-	-	-
ИБ есепте	-	-	-
Нарколог есебінде	-	-	-
“Қауіпті топ”	-	-	-
Сәтсіз отбасы	-	-	-
Дін жолында жүрген	-	-	-
Суицид фактілері	-	-	-

2023-2024 оқу жылы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

ҚЫРКҮЙЕК- БІЛІМ АЙЫ

Ұлттық мүдде (отан) құндылығы бойынша: 10 тамыз – Абай күні, 1 қыркүйек – Білім күні «Мектебім – мерейлі мекенімі» тақырыбында сынып сағаттары, 5 қыркүйек – Тілдер күні және А. Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы іс – шарасы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ұлт ұстазы» бейне бұрышы, Өзін өзі басқару ұйымының жұмысы бойынша мектебімізде «Мектеп парламенті» сайлауы т.б. шаралар

Талап құндылығы бойынша: «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша класс жетекшілермен жиналыс, «Тоғыз айға 9 іс -шара» тұжырымдамасы аясында «Сергіту сәті» және «Денсаулық күні 2023» ойын сайыстары, «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаттары т.б.

Ар-ұят құндылығы бойынша: «Ата – аналар мектебі» жобасы аясында Отбасы күні аясында «Отбасым» челленджі, Жасөспірімдердің есірткі заттарды және алкогольдік ішімдіктерді пайдаланудың алдын –алу жұмыстары барысында жадынамалар таратылды. 1 қазан - Қарттар күніне орай «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында қайырымдылық акциясы, «5 қазан – Мұғалімдер күніне» орай іс – шаралар және «Дублер күні» ұйымдастырылды.

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

Ұлттық мүдде (отан) құндылығы бойынша: мектебіміздің 5-9 сыныптар арасында Спандияр Көбеевтің туғанына 145жыл, Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130жыл толуына орай дебат ойыны өтті.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Табантал орта мектебі» КММ-де «Зерде» мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымы туралы

«Зерде» мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының басшысы ретінде сайлау нәтижесінде 8-сынып оқушысы Абдикова Дарияға жүктелді. Алдағы іс-шаралар талқыланып жоспар құрылып, мектеп директоры Калиев А.С. бекітілді **Қыркүйек айында** "ЗЕРДЕ" мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымының «Спорт және СӨС» фракциясының ұйымдастыруымен “Денсаулық күніне” орай мектебімізде мұғалімдер мен оқушылар арасында «Көңілді мәре» тақырында спорттық ойындар өткізілді. АҚПАРАТ" фракциясының ұйымдастыруымен әр түрлі жанрдағы кітаптарды оқу және басқа сыныптарға үлгі болу, кітап оқуға шақыру мақсатында ұйымдастырылған "Бір сынып–бір кітап" челленджі ұйымдастырылды.

Қазан айында "Мәдениет және өнер " фракциясының ұйымдастыруымен «Дублер» күні өткізілді. "Өзін-өзі тану" фракциясының ұйымдастыруымен «Күз жәрмеңкесі» қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді.

2023-2024 жылы Табантал орта мектебінде құрылған «Қоғамға қызмет», «Ашық жүрек» волонтерлар қозғалысы бойынша

Табантал орта мектебінде 10-қыркүйек күні еріктілер қозғалысын жандандыру мақсатында "Қоғамға қызмет" еріктілер клубы құрылып, бұрышы жасақталды. Бұрышта 7 бағыт бойынша еріктілер міндеті қарастылып, еріктілер тобының мақсаты мен міндеттері көрсетілді. Еріктілер клубының құрамында 28 оқушы бар. **Қыркүйек айында** 1-қазан қарттар күніне орай жалғызбасты және зейнеткерлерге көмек көрсету мақсатында «Қамқор» акциясы өткізілді.

Қазан айында «Мейірімді жүрек» акциясы аясында оқушыларды қайырымдылыққа тәрбиелеу мақсатында «Жомарт қол» жәрмеңкесі өткізілді. Оқушылар үйден тәтті тағамдар жасап жиналған қаржыны қайырымдылыққа жұмсады.

2023-2024 жыл Табантал орта мектебі» КММ бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы

Мектеп жанынан «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы ұйымдастырылды. 7-11 сынып оқушылары таңдап алынып «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының басшысы ретінде 8-сынып оқушысы Жұмай Даянаға және аға тәлімгерге жүктелді. Алдағы іс-шаралар талқыланып жоспар құрылып, мектеп директоры Калиев А.С. бекітілді. **Қыркүйек айында** «Парасатты азамат» бұрышы жаңартылды. Бұрышқа адал ұрпақ мүшелерінің тізімі, мақсаты, міндеті, логотипі ілінді. «Парасатты азамат» бұрышының басты мақсаты: азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу.

«Балалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениет қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру. **Қазан айында** «Адалдық жүрген жерде-адамдық жүреді» тақырыбында дебат өткізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 1-тарау 3-тармақ 5) тармақша, 3-қосымша 2-тарау 15-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 16-тармаққа сәйкес келеді.

Өткізілген іс-шаралар уақытылы Табантал орта мектебінің инстаграмм әлеуметтік желісіне 2018-2019 оқу жылынан бастап жарияланып отырылды. Әлеуметтік парақша <https://instagram.com/tabantal.orta.mektebi?igshid=MzRlODBiNWFlZA> (тәрбие бағытындағы жұмыс жоспарлар қоса беріледі)

4.4.білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Талдау нәтижелері: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, көркем-эстетикалық бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында, қоғамдық-саяси сауатын күшейту бағытында мектеп жанынан үйірмелер ашылып, жұмыс жүргізілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Сабақтан тыс жұмыстардың кестесі жасалған.

Бекітемін:
Мектеп директоры :  А.С.Калиев

«Табантал орта мектебі» КММ
2023-2024 оқу жылына арналған
үйірме, секциялар кестесі

Ақылы үйірмелер

№	Үйірме атауы	Пән мұғалімдері	Дүйсенбі	сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1	Волейбол	Тағыберген Н.Т.	17.20-18.05		16.30-17.15		16.30-18.05	
2	Шахмат	Ермаханов А.	15.00-17.00		15.00-17.00			
3	Алтын ине	Абдикова М.С.	15.00-17.00		15.00-17.00			
4	Домбыра	Дүйсенова А.М.		14.15-15.30		14.15-15.30		
5	Любитель русского языка	Калиев А.С.	09.00-10.30	09.00-10.30		09.00-10.30	09.00-10.30	

Ақысыз үйірмелер

№	Үйірме атауы	Пән мұғалімдері	Дүйсенбі	сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1	Ұлттық ойындар	Абдиков Е.Е.	09.00-11.00			09.00-09.45		
2	Теннис	Тағыберген Н.Т.			09.00-11.00	10.30-11.15		

ДТЖО Карасаева С.С.

Бекітемін:
Мектеп директоры :  А.С.Калиев

«Табантал орта мектебі» КММ
2022-2023 оқу жылына арналған
үйірме, секциялар кестесі

Ақылы үйірмелер

№	Үйірме атауы	Пән мұғалімдері	Дүйсенбі	сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1	Волейбол	Тағыберген Н.Т.		17.00-19.00		17.00-19.00		
2	Шахмат	Ермаханов А.	15.00-17.00		15.00-17.00			
3	Алтын ине	Абдикова М.С.		15.00-17.00	15.00-17.00	15.00-17.00	15.00-17.00	
4	Любитель русского языка	Калиев А.С.	09.00-11.00	09.00-11.00	09.00-11.00	09.00-11.00		

Ақысыз үйірмелер

№	Үйірме атауы	Пән мұғалімдері	Дүйсенбі	сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1	Ұлттық ойындар	Абдиков Е.Е.	09.00-11.00			09.00-09.45		
2	Теннис	Тағыберген Н.Т.			09.00-11.00	10.30-11.15		
3	Футзал	Тағыберген Н.Т.	09.00-09.45			09.00-11.00		

ДТЖО Карасаева С.С.

Бекітемін:
Мектеп директоры :  А.С.Калиев

«Табантал орта мектебі» КММ
2021-2022 оқу жылына арналған
үйірме, секциялар кестесі

Ақылы үйірмелер

№	Үйірме атауы	Пән мұғалімдері	Дүйсенбі	сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1	Волейбол	Тағыберген Н.Т.	15.00-16.40				15.00-16.40	
2	Шебер қолдар	Ермаханов А.	15.00-16.40				15.00-16.40	
3	Қолөнер	Карасаева С.С.		15.00-16.40		15.00-16.40		
	Театр және балалар	Аскаркызы Г.			09.00-10.40		09.00-10.40	
4	Любитель русского языка	Калиев А.С.	15.00-16.40	15.00-16.40	15.00-16.40	15.00-16.40		

Ақысыз үйірмелер

№	Үйірме атауы	Пән мұғалімдері	Дүйсенбі	сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1	Ұлттық ойындар	Абдиков Е.Е.		09.00-09.45		09.00-10.40		
2	Үстел теннис	Тағыберген Н.Т.		18.00-18.45				09.00-10.40
3	Футзал	Тағыберген Н.Т.				09.00-11.00		10.40-12.00

ДТЖО Карасаева С.С.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%	Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны	%
2021-2022	85	100	-	-	85	100
2022-2023	88	100	-	-	88	100
2023-2024	82	100	-	-	82	100

2021-2022 оқу жылындағы үйірме, спорттық секция саны 8

Мектептегі үйірмелер мен секциялар тізімі : «Шебер қолдар», «Қолөнер» , «Волейбол», «Театр және балалар», «Теннис», «Ұлттық ойындар», «Футзал», «Любитель русского языка»

2022-2023 оқу жылындағы үйірме, спорттық секция саны 7

Мектептегі үйірмелер мен секциялар тізімі : «Алтын ине» , «Волейбол», «Шахмат» «Теннис», «Ұлттық ойындар», «Футзал», «Любитель русского языка»

2023-2024 оқу жылындағы үйірме, спорттық секция саны 7

Мектептегі үйірмелер мен секциялар тізімі : «Алтын ине» , «Волейбол», «Шахмат», «Теннис», «Ұлттық ойындар», «Домбыра», «Любитель русского языка»

Оқушылардың жеткен жетістіктері

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша спорттық, шығармашылық, мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдер мен байқауларға қатысу нәтижелері:

Үйірмелер, секция, клубтар	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
Спорттық	«Ұлттық мектеп лигасы» тоғызқұмалақ жарысында II орын Андакулов Саят «Ұлттық мектеп лигасы» тоғызқұмалақ жарысында III орын Исагулова Айзат, Жұмай Даяна «Ұлттық мектеп лигасы» тоғызқұмалақ жарысында командалық есепте III орын.			
Шығармашылық байқаулар			«Жұлдыздар аллеясы» III Республикалық шығармашылық байқау. Бас жүлде. Оқушы: Маратова Айлин. «Бақытты бала-бақытты ел» атты балалар мен жасөспірімдер арасында өткен Республикалық вокал номинациясы бойынша II орын. Жұмай Даяна	
Қолөнер	«Қолөнер-зор өнер» атты көрмеге белсене қатысқаны үшін Жәнібек Қасымхан «Қолөнер-зор өнер» атты көрмеге қатысып, III орынға ие болған Андакулов Ерхат Бахтурсин Айдар		«Ғажайып қыс» атты Республикалық байқауы. II дәрежелі диплом. Оқушы: Абдикова Нұршат «Ананың әсем бейнесі» Республикалық балалар және жастар шығармашылық байқау. II дәрежелі диплом. Оқушы: Жұмай Даяна «Мың тағзым саған Майдангер!» II Респуб	

			ликалық байқау. I дәрежелі диплом. Оқушы: Маратова Айлин «Ғажайып қыс» атты Республикалық байқаудан II дәрежелі «Қолөнер» номинациясы бойынша диплом Исагулова Айзат	
«Қаһарман» патриоттық клубы	Аудандық «Мерген сарбаз- 2021» сайысында 1 орын Амантай Нуртай Аудандық «Мерген сарбаз- 2022» сайысында 3 орын Жұматова Дилназ. Аудандық «Мерген сарбаз- 2022» сайысында 3 орын Боранбаева Мерей			
БАРЛЫҒЫ	10	-	5	-

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 5,7-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 16-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 17-тармаққа сәйкес келеді. (қосымша бағдарламалар кестесі мен жұмыс жоспарлар қоса жалғанады)

4.5.білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

Табантал орта мектебінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп, қоғамдық гуманитарлық бағытта оқыту жүргізілген. Оқу жұмыс жоспары, сабақ кестелері жасалып бекітілген. Күнтізбелік тақырыптық жоспарлары жасалған. 2021-2022 оқу жылында жалпы орта білім беруде 2 сынып, 76 сағат апталық жүктеме берілген. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында жалпы орта білім беруде 2 сынып жинақталып, 66 сағаттан апталық жүктеме берілген. 2021-2022 оқу жылында Тереңдетілген деңгейден шетел тілі-дүниежүзі тарихы 3сағаттан 2 пән таңдалынған, стандартты деңгейге химия, физиканы 2сағаттан 1 пән алынып оқытылған. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында 2 сыныпта да тереңдетілген деңгейден география-дүниежүзі тарихы 2 сағаттан 2 пән таңдалынған, стандартты деңгейге 10 сыныпта химия, физиканы 2сағаттан 2 пән және 11 сыныпта физика –биология 2сағаттан 2 пән алынып оқытылған.

4.6.білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру

2021-2023 жылдар аралығында Табантал орта мектебінде ерекше білім беру қажеттіліктерімен білім алатын балалар болмаған.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Үйде жеке тегін оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2021-2022оқу жылы	1			1
2022-2023 оқу жылы		1		1
2023-2024 оқу жылы		1		1

2021-2022 оқу жылы

2021-2022 оқу жылына денсаулығына байланысты 1 білім алушы үйден оқытылған 2021-2022 оқу жылында барлығы 1 оқушыға дәрігерлік-кеңес комиссиясының және

психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындылары негізінде үйде жеке оқыту ұйымдастырылған. 4 сынып оқушысы Заможный Роман диагнозы: Врожденный кифосколиоз грудного отдела. ВКК қорытындысы №152/3, 24.08.2021ж негізінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021жылғы 26 наурыздағы № 125 бұйрығымен(**53қосымша**) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген оқу жоспарымен білім алған

Заможный Роман

Жылы	Класы	Пәні	Мұғалімі	МЖМБС	Оқу бағдарламасы
2021-2022	4	Қазақ тілі	Тукина С.Т	ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» » (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген)	ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары
		Әдебиеттік оқу	Тукина С.Т		
		Орыс тілі	Жұмахан Ш.Б		
		Ағылшын тілі	Болат А.М		
		Математика	Тукина С.Т		
		Жаратылыстану	Тукина С.Т		
		Дүниетану	Тукина С.Т		
		АКТ	Ешпанова З.С		

Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген.

Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес «4» сыныбында 14 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылында 5 сынып оқушысы Заможный Романға «Табантал орта мектебі» КММ-нің білім мен тәрбие беру процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құжаттарды негізге ала отырып және 27.08.2022 №154/1 дәрігерлік-консультацияның қорытындысы Диагноз:ВПР.Врожденный кифосколиоз грудного отдела позвоночника на фоне нарушения формирования позвонков.Заднебоковой полупозвонок) негізінде оқу жұмыс жоспары жасалынған.**1) 5–сыныпта үйден оқытудағы білім беру процесі төмендегі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген **негізгі орта білім берудің** үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен(**55 қосымша**) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

Жылы	Класы	Пәні	Мұғалімі	МЖМБС	Оқу бағдарламасы
2022-2023	5	Қазақ тілі	Молдағали А	ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы	ҚР Білім және ғылым министрінің 2022жылғы 16
		Әдебиеттік оқу	Молдағали А		
		Орыс тілі	Жұмахан Ш.Б		
		Ағылшын тілі	Сарбаева М.М		

		Математика	Наренова А.Б	Зтамыздағы	қыркүйек № 399
		Жаратылыстану	Куламанова М.Т	№348 бұйрығымен	бұйрығымен
		АКТ	Ешпанова З.С	бекітілген	бекітілген
		Қазақстан тарихы Дүниежүзі тарихы	Кожабергенова В.Т	«Бастауыш ,негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»	жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары

- Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген.
Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес «5» сыныбында 15 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген

2023-2024 оқу жылында 6 сынып оқушысы Заможный Романға «Табантал орта мектебі» КММ-нің білім мен тәрбие беру процесін ұйымдастыру үшін төмендегі нормативтік құжаттарды негізге ала отырып және 13.10.2022 №24318 дәрігерлік-консультацияның қорытындысы (Диагноз: ВПР.Врожденный кифосколиоз груднопоясничного отдела позвоночника на фоне нарушения формирования позвонков.Заднебоковой полупозвонок) негізінде оқу жұмыс жоспары жасалынған.

- **1) 6–сыныпта үйден оқытудағы білім беру процесі төмендегі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген **негізгі орта білім берудің** үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен(**55 қосымша**) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген

Жылы	Класы	Пәні	Мұғалімі	МЖМБС	Оқу бағдарламасы
2023-2024	5	Қазақ тілі	Әлішева Б.Қ	ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш ,негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» »	ҚР Білім және ғылым министрінің 2022жылғы 16 қыркүйек № 399 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары
		Әдебиеттік оқу	Әлішева Б.Қ		
		Орыс тілі	Жұмахан Ш.Б		
		Ағылшын тілі	Болат А.М		
		Математика	Булатова А.Б		
		Жаратылыстану	Куламанова М.Т		
		АКТ	Ешпанова З.С		
		Қазақстан тарихы Дүниежүзі тарихы	Кожабергенова В.Т		

- Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі бекітілген.
Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес «5» сыныбында 15 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген

4.7.ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталған.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға қатысуы нәтижесінде оқушылардың мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық сыныптан тыс байқаулардан, ғылыми жобалар қорғаудан, сонымен бірге қашықтықтан ұйымдастырылған ойын-байқаулар, он-лайн форматындағы түрлі пәндік олимпиадаларға қатысудан алған марапаттаулары жинақталған.

Қорытынды:

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар ҰОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар, таңдау курстары, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға қатысуы нәтижесінде оқушылардың мектепшілік, аудандық, облыстық, байқаулардан, ғылыми жобалар қорғаудан, сонымен бірге қашықтықтан ұйымдастырылған ойын-байқаулар, он-лайн форматындағы түрлі интеллектуалды байқауларға қатысудан алған марапаттаулары бар.

4.8. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

Талдау нәтижелері: «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жүргізілген.

2021-2022 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы міндетті болып табылады. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды. Сонымен қатар 5-9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды;

"Өмір қауіпсіздігі негіздері" интеграцияланған білім беру бағдарламасы "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырды.

10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілді. Барлық пән мұғалімдеріне қатысты "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" күнделікке тақырыптары енгізілді.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы-3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2 тарауы 25 тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда (дүниетану) оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерііске асырады. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасы 4 тарауы 56 тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі негізде жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 4-қосымшасы 4 тарауы 50 тармағына сәйкес 10-11 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы-3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2 тарауы 25 тармағына сәйкес 1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны 1-4 сыныптарда (дүниетану) оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда 6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдерііске асырады. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-қосымшасы 4 тарауы 56 тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 5-9 сыныптарда дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі негізде жүргізіледі. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 4-

қосымшасы 4 тарауы 50 тармағына сәйкес 10-11 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 25-тармақ, 3-қосымша 4-тарау 56-тармаққа, 4-қосымша 4-тарау 50-тармаққа сәйкес келеді.

4.9. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру.

Талдау нәтижелері: «Жолда жүру ережелері» оқу курсы 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жүргізілген. Курс мазмұны 1-4-сыныптарда әр бір сыныпта 6 сағаттан, 5-8-сыныптарда 10 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда сынып жетекшілері тақырыптарын көрсете отырып іске асырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарларда көрсетіліп, бекітілді. Жол қозғалысы ережелері бойынша 1-ші сыныптан бастап 8-сынып аралығында жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып жүргізілді. Міндетті оқу курсының жүргізілгендігі сынып журналдарында берілді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс уақыттарда жүргізілген. «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілген.

2022-2023 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес жүргізілуде. Қыркүйек айында: 1-сыныптарда «Көше күтпеген оқиғаларға толы», 2-сыныптарда «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», 3-сыныптарда «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», 4-сыныптарда «Жолда жүру ережелерін білеміз бе?», 5-сыныптарда «Біздің қала(ауыл), аудан», 6-сыныптарда «Жолда жүру ережелері (қайталау)», 7-сыныптарда «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», 8-сыныптарда «Жол жүру 23 ережесінің пайда болуы. Жол белгілерінің халықаралық тілі» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға толтырылды. Қазан айында: 1-сыныптарда «Жаяу жүргінші өтпелері», 2-сыныптарда «Реттелмейтін жол қиылыстары», 3-сыныптарда «Қай жерлерден жолдан өтуге болмайды», 4-сыныптарда «Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері», 5-сыныптарда «Жол таңбаларының белгіленуі», 6-сыныптарда «Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары», 7-сыныптарда «Көлік құралдарын пайдалану ережелері», 8-сыныптарда «Қозғалысты реттеу нысандары» тақырыптары «Күнделік.kz» электронды журналға Қосымша білім беру бөліміне толтырылды. Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қауіпі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Соңғы уақытта көшелерде көлік саны көп болғандықтан алуан түрлі жол көлік апаттарының орын алып жатқандығын, сондай апат салдарынан жас өспірімдердің әртүрлі оқиғаларға душар болып жатқанын жасыруға болмайды. Осыған орай Жамбыл аулының жалпы орта білім беретін мектебінде әр айға бекітілген жоспар бойынша қыркүйек айындағы «Жол қауіпсіздігі ережелері» атты іс-шаралар жасақталып, өткізілді. Іс-шараны өткізудегі мақсатымыз оқушыларға жол ережесі туралы мағлұмат беру, жол қатынасы ережелерін меңгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастыру, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру; оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға; сақтыққа тәрбиелеу.

Сынып жетекшілер «Жол тәртібін жадында ұста!», «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Жол жүру ережесі», «Қауіпсіз жол», «Жол ережесінің қауіпсіздігі», т.б. тақырыптарда сынып сағаттарын өткізді.

«Жол таңбалары», «Тиым салынатын белгілер» тақырыбы бойынша бастауыш сынып оқушыларына жол ережелері туралы видеороликті Тукина С.Г. көрсетті. Жолда жүру ережелерін көшеде қатаң сақтаңдар, жол белгілерін жаттап алыңдар деген сынды қатаң ескертті.

«Қауіпсіз жол» тақырыбында сурет көрмесі 1-4 сыныптар аралығында ұйымдастырылды.

«Жаяу адамдардың міндеттері туралы нені білесіңдер?» тақырыбында оқушылардың жол тәртібі туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан мектеп психологы

Асқарқызы Г сауалнама алды. Оқушылардың 85 пайызы автокөлік қақтығысынан қалай сақтану керектігін білетіндігі анықталды.

Мектеп тәлімгері және еріктілер тобы «Жаяу жүргіншілерге арнау» ұнпарақтарын таратты.

«Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік жарақатынан сақтандыру» тақырыбы бойынша 10-11 сынып оқушыларына сынып сағатын Абдиков Е.Е. мектептің медбикесімен бірге алғашқы көмек қалай жасау керектігін көрсетті. Естен тану, аяқ-қолдың сынуы, ашық жарақат тағы басқа сол сияқты жағдайларда алғашқы көмек қалай көрсету керектігі жайында оқушыларға түсіндірді.

Оқушылардың жол ережесі туралы білімдерін толықтыру, көшеде жол тәртібін сақтай білуге үйрету, жол белгілерінің түрлерін ажырата білуге баулу мақсатында 8 сынып оқушыларымен Куламанова М.Т. «Жол жүру қауіпсіздігі – өміріміздің кепілі!» атты тақырыпта сайыс сабағын ұйымдастырса, 7 сынып оқушыларымен Жұмахан Ш «Жол ережесін есте сақта» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Ал 9 сынып оқушыларымен Сарбаева М. «Мектепке барар қауіпсіз жол!» тақырыбы бойынша түсіндіру сабағын жүргізді.

3-6 сыныптарда да «Жол ережесін сақтау-қауіпсіздік кепілі», «Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік», «Жаяу жүргінші – назар аудар!» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі» мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті екенін әр сынып жетекші оқушыларға түсіндірді.

ҚОРЫТЫНДЫ: *«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 26-тармаққа, 3-қосымша 2-тарау 38-тармаққа сәйкес келеді.*

4.10. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2021-2022 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда 1-сыныпта – 22,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 27 сағаттан, 4-сыныпта – 27 сағаттан, яғни бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 31 сағаттан, 6-сыныпта – 31 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 35 сағаттан, 9-сыныпта – 36 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 39 сағаттан аспайды. (10-сыныпта – 37 с., 11-сыныпта – 39 с.).

Бекітілген оқу жұмыс жоспары негізінде құрылған сабақ кестесіндегі сыныптардың ең жоғарғы көлемі барлық деңгей бойынша сақталған. Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі электронды журналға толтырылған.

2022-2023 оқу жылы Бастауыш білім беруде апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 1-сыныпта – 19,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4-сыныпта – 26 сағаттан аспайды. ***Негізгі орта білім беру деңгейіндегі*** білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 33 сағаттан аспайды. (10-сыныпта – 33 с., 11-сыныпта – 33 с).

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2023-2024 оқу жылдарында білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда 1-сыныпта – 19,5 сағаттан, 2-сыныпта – 24 сағаттан, 3-сыныпта – 26 сағаттан, 4-сыныпта – 26 сағаттан, яғни бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 26 сағаттан аспайды.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 32,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан аспайды.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 33 сағаттан аспайды. (10-сыныпта – 33 с., 11-сыныпта – 33 с).

Қорытынды:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы бекітілген оқу жұмыс жоспарларында апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі барлық деңгей бойынша сақталған.

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына сәйкес, инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

Электронды журналдарды тексеру барысында, оқу жұмыс жоспарында, сабақ кестесінде пәндер бойынша инвариантты және вариативті компоненттегі оқу сағаттарының жоғары көлемі сақталғандығы анықталды. Барлығы типтік үлгілік оқу жоспарларға сәйкес жасалған.

2021-2022 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 22,5 сағат, жылдық 742,5 сағат, 2-класта – апталық 24сағат, жылдық 816 сағат, 3-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 4-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 6-сыныпта – апталық 31 сағат, жылдық 1054 сағат, 7-сыныпта – апталық 34сағат, жылдық 1156 сағат, 8-сыныпта – апталық 35 сағат, жылдық 1190 сағат, 9-сыныпта – апталық 36 сағат, жылдық 1224 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. 10-сыныпта – апталық 37 сағат, жылдық 1258 сағатты, 11-сыныпта – апталық 39 сағат, жылдық 1326 сағатты құрайды.

2022 -2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406*) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2022-2023 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 19,5 сағат, жылдық 682,5 сағат, 2-класта – апталық 24сағат, жылдық 864 сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 936 сағат, 4-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 936 сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 1026 сағат, 6-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 1026 сағат, 7-сыныпта –

апталық 32,5 сағат, жылдық 1170 сағат, 8-сыныпта – апталық 32,5 сағат, жылдық 1170 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1224 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. 10-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1188 сағатты, 11-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1188 сағатты құрайды.

2023-2024 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 19,5 сағат, жылдық 643,5 сағат, 2-класта – апталық 24сағат, жылдық 816 сағат, 3-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат, 4-сыныпта – апталық 26 сағат, жылдық 884 сағат берілген. 5-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 969 сағат, 6-сыныпта – апталық 28,5 сағат, жылдық 969 сағат, 7-сыныпта – апталық 32,5 сағат, жылдық 1105 сағат, 8-сыныпта – апталық 32,5 сағат, жылдық 1105 сағат, 9-сыныпта – апталық 34 сағат, жылдық 1156 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді. 10-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағатты, 11-сыныпта – апталық 33 сағат, жылдық 1122 сағатты құрайды.

Қорытынды: Сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компонент бойынша жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді, оқу жүктемесінің ең жоғары шекті көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

4.12.сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022жылдың 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының» 2-қосымшасының 4-тарау. Оқытуды ұйымдастыру жағдайы бойынша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 4-тарауы 1 параграфына сәйкес « Табантал орта мектебі» КММ шағын жинақталған мектеп болып табылады. Мектепте топтарға бөліп оқыту жүргізілмеген.

Қорытынды: 2021-2023 жылдары инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылар жоқ, мектепте топтарға бөліп оқыту жүргізілмейді.

15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

15.1. тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен (өзгерістері мен толықтыруларымен) бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырған.

Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында ,яғни қыркүйек айында 1-класқа қабылдау, 10- класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталған. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектертеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырған.

